



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 жылғы 10 қыркүйек

Нұр-Сұлтан қаласы

№ **700**

қорғал Нұр-Сұлтан

«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 991-к бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ережесінің 14-тармағының 22) тармақшасына сәйкес, білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу кезінде бірыңғай тәсілді мен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің аумақтық бөлімшелердің қызметін үйлестіру мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы бақылау басқармалары осы бұйрықты Аумақтық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

3. Аумақтық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменттері осы бұйрықты облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау төраға орынбасары М.Т. Мелдебековаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



Г. Көбенова

0002333